

## Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" 2000 жылғы 28 шілдедегі N 422 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мынадай мемлекеттік меншік объектілері жекешелендіруге және оның алдын ала сатыларына жатпайды деп белгіленсін:

1) жер (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер, шарттар және шектер бойынша жеке меншікте болатындарынан басқа), оның қойнауы, су, өсімдік және хайуанаттар дүниесі;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет штаттық мүлік, әскери-техникалық мақсаттағы ұйымдар мен объектілер;

4) олардағы инженерлік құрылыстарды қоса алғанда, мемлекеттік халықаралық бағыттар желісіне қосылған, сондай-ақ қорғаныстық маңызы бар, магистральды темір жолдар, ортақ пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдары, кеме қатынасы су жолдары, шамшырақтар, кеме жүзуінің қауіпсіздігін реттейтін және кепілдендіретін құрылғылар мен навигациялық белгілер;

5) магистральді мұнай және газ құбырлары, кернеуі 220, 500 және 1150 кВ аймақаралық деңгейдегі электр желілері;

6) су техникасы құрылыстары бар су қоймалары, су тораптары, су көздеріндегі суды көтеретін бөгеттер;

7) ауылда алғашқы медициналық-санитарлық көмек, мамандандырылған көмек көрсететін (қан құю, ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі, радиациялық медицина орталықтары, онкологиялық, туберкулез, ВИЧ-инфекциясын жұқтырғандарды және СПИД-пен ауыратын ауруларды, жұқпалы, тері-венерологиялық, психикалық ауруларды емдеу жөніндегі объектілер), сондай-ақ қызмет көрсетілетін облыстың, қаланың, ауданның аумағындағы жалғыз мемлекеттік медицина ұйымдары болып табылатын медициналық ұйымдар; <\*>

8) халықты әлеуметтік қорғау объектілері, балалар үйлері, сәбилер үйлері, қарттар үйлері. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға, балалар мен қарттарға арналған интернаттар, госпитальдар мен санаторийлер;

9) Қазақстан Республикасының аумағында азаматтардың білім алуға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ететін жалпы орта білім беру мемлекеттік

ұ й ы м д а р ы ;

10) мемлекеттің қорғауындағы тарихи және мәдени мұра объектілері.

1-1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің "Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" және "Жезқазғансирекмет" республикалық мемлекеттік кәсіпорындары жекешелендіруге және оның алдын ала кезеңдеріне жатпайды деп белгіленсін. <\*>

Ескерту. 1-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.29. N 402 қаулысымен , 1-1 тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.11.21. N 1233 қаулысымен , өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 286 қаулысымен .

2 . М ы н а л а р :

1) 1-қосымшаға сәйкес 2006 жылға дейін жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі;

2) 2-қосымшаға сәйкес 2006 жылға дейін акцияларының мемлекеттік пакеттері жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.10.10. N 1107 қаулысымен .

3. "1999-2000 жылдарда жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 тамыздағы N 1198 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 41, 368-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 4 қ а з а н д а ғ ы

N 1 5 8 7 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**2006 жылға дейін жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің, Қазақстан

Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің бағдарламалары бойынша және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің іргелі бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін ғылыми-техникалық саланың мемлекеттік ұйымдары. <\*>

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 467 қаулысымен .**

2. Мемлекеттік және жұмылдыру резервінің жылжымайтын мүлкі мен екіұдай мақсаттағы өнім шығару жөніндегі жұмылдыру қуаттары.

3. Әскери комиссариаттардың немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен азаматтық қорғаныс бойынша жұмылдыру тапсырмалары бар әскери бөлімдер мен ұйымдарға тіркеліп берілген мүлік.

4. Әскери-техникалық мақсатты қамтамасыз етуге байланысты, оның ішінде көрсетілген салада, сондай-ақ әуе шабуылына және зымыранға қарсы қорғаныс, радиоэлектрондық өшіру салаларында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын ғарыш аппараттарын ұшыруды және алып жүруді қамтамасыз ететін мемлекеттік ұйымдар мен объектілер.

5. Әуе кемелерінің қауіпсіз ұшуын қамтамасыз етуге байланысты әуе қозғалысын, телекоммуникация желілерін, инженерлік желілерді басқару жүйесінің аэронавигациялық қондырғылары.

6. Бақылау, қадағалау және өзге де мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар.

7. Картографиялық-геодезиялық, гидрометеорологиялық мемлекеттік ұйымдар, обсерваториялар, метеостанциялар және сейсмостанциялар.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің аграрлық бейіндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибе-эксперименталды мемлекеттік ұйымдары, астық және тұқымдық сараптау фитосанитарлық мониторингтің мемлекеттік ұйымдары, сорттық сынау станциялары мен учаскелері, карантиндік питомниктер, карантинді-интродуктивті зертхана.

9. Мемлекетаралық, облысаралық маңызы бар магистральді каналдар.

10. Жануарлар ауруларының диагностикасы бойынша референттік функцияларды, жабайы фаунаның эпизоотикалық мониторингін, тіркеу сынақтары мен малдәрігерлік препараттар серияларын бақылауды, малдәрігерлік препараттардың республикалық резервін сақтауды жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша жануарлардың айрықша қауіпті жұқпалы ауруларының диагностикасын және олардың таралу ошақтарын жоюды жүргізетін мемлекеттік малдәрігерлік ұйымдар.

11. Мемлекеттік патент жүргізу ұйымдары.

12. Қатты және сұйық радиоактивті қалдықтарды ұқсататын, жоятын және көметін мемлекеттік ұйымдар, объектілер мен жабдықтар, мал қорымдары.

13. Молалар мен крематорийлер.

14. Фельдъегерлік байланыс мүлкі.

15. Жануарлар әлемін және балық қорын (бейімдейтін станциялар, балық питомниктері, уылдырық өсіру шаруашылықтары) қалпына келтіруге маңызы бар мемлекеттік ұйымдары.

16. Жер қойнауы, жер асты сулары және қауіпті геологиялық процесстер мониторингі, мемлекеттік торабының мүлкі мен қадағалау пункттері.

17. Жануарлар әлемін сақтау, орманды қорғау және оларды қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік ұйымдар.

18. Мектепке дейінгі және орта кәсіптік білім беру мемлекеттік ұйымдары.

19. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің қарамағындағы республикалық маңызы бар мәдениет объектілері, сондай-ақ, коммуналдық меншіктегі театрлар, мұражайлар, кітапханалар және концерттік ұйымдар.

20. Аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштары мен өнеркәсіптік микроорганизмдер коллекциясы және депозитарийлері.

**Ескерту. 20 жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.30. N 850 қаулысымен**

21. Биологиялық белсенді қосылыстардың республикалық банкі;<\*>

22. Дәрілік заттар мен бөгде қоспалар стандартты үлгілерінің республикалық банкі.

< \* >

**Ескерту. 21,22-жолдармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.22. N 846**

қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 4 қ а з а н д а ғ ы

N 1 5 8 7 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

## **2006 жылға дейін акциялардың мемлекеттік пакеттері жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесі**

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.05.02 N 591, 2001.05.25 N 716, 2001.10.05 N 1284, 2001.10.23 N 1356, 2001.11.16 N 1457, 2001.12.13 N 1633, 2001.12.15 N 1643, 2001.12.20 N 1667, 2002.01.15 N 51, 2002.02.25 N 248, 2002.04.27 N 479, 2002.05.28 N 577, 2002.07.30 N 852, 2002.12.10 N 1294, 2002.12.20 N 1335, 2003.02.18 N 169, 2003.03.13 N 244, 2003.03.20 N 277, 2003.05.12 N 442,**

2003.07.15 N 695, 2003.09.16 N 940, 2003.09.23 N 965, 2003.12.18 N 1267, 2004.08.18 N 865, 2004.08.27 N 903, 2004.12.31 N 1466, 2005.02.22 N 161, 2005.03.04 N 207, 2005.03.17 N 242, 2005.05.19 N 475; 11.04.2013 N 339 қаулыларымен.

1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ЖАҚ (Астана қаласы) 100%<\*>
2. "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" ЖАҚ (Астана қаласы) 100%
3. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" ЖАҚ (Алматы қаласы) 100% < \* >
4. "KEGOC" ААҚ - (Kazakstani Electricity Grid Operating Company - Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстан ұлттық компаниясы) (Алматы қаласы) 100%
5. "Қазтеңізкөлікфлот" ұлттық кеме жүзу теңіз компаниясы" ЖАҚ (Астана қаласы) 100%

6 . < \* >

7. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ (Астана қаласы) 100%
8. Алып тасталды - 2003.12.18. N 1267 қаулысымен .
- 9-18. Алып тасталды - 2003.03.13. N 244 қаулысымен .
19. Алып тасталды - 2005.02.22. N 161 қаулысымен .
20. "Бұқтарма СЭС" ААҚ (Өскемен қаласы) 90%
21. "Шульба СЭС" ААҚ (Өскемен қаласы) 90%
22. "Өскемен СЭС" ААҚ (Өскемен қаласы) 90%
23. "Республикалық инновация қоры" ЖАҚ (Алматы қаласы) 100%
24. Алып тасталды - 2003.03.20. N 277 қаулысымен.
25. "ҚазжолҒЗИ" ААҚ (Алматы қаласы) 90%
26. "Қазқараметавтоматика" ААҚ (Қарағанды қаласы) 90%
26. "ҚазАгроҚаржы" ЖАҚ (Астана қаласы) 100%
27. "Индустриалдық парк" ААҚ (Астана қаласы) 100%
27. "Қазпочта" ААҚ (Алматы қаласы) 100%
28. Алып тасталды - 2002.12.23. N 1346 қаулысымен .
29. Алып тасталды - 2004.12.31. N 1466 қаулысымен .
31. "Тың машина сынау станциясы" ААҚ (Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Никольское ауылы) 100%
32. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" ЖАҚ <\*>
32. Алып тасталды - 2003.03.13. N 244 қаулысымен .
- 33-34. Алып тасталды - 2003.03.13. N 244 қаулысымен.
35. "Астана-күс" асыл тұқымды шаруашылығы ААҚ (Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Александровка ауылы) 70%
36. "Асыл түлік" ААҚ (Астана қаласы, Макинск тұйық көшесі, 8) 76,88% "
37. "Ф.М. Мұхаметғалиев атындағы эксперименттік биология институты" ЖАҚ <\*>

40. "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" ААҚ (Астана қаласы) 100%
41. "Казахстанская правда" республикалық газеті" ААҚ (Астана қаласы) 100%
42. "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы"  
ЖАҚ (Астана қаласы) 100%. <\*>
43. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 11.04.2013 N 339 қаулысымен.**
44. "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan engineering) ұлттық компаниясы" ААҚ" (  
Астана қаласы) 100 % <\*>
45. "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру  
жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ (Алматы қаласы) 100 % <\*>
46. "Қазақ газеттері" ЖАҚ (Астана қаласы) 100% <\*>
47. "Жас өркен" ААҚ (Астана қаласы) 100% <\*>
48. "Қазақстан Республикасының Заң шығару институты" ЖАҚ (Астана қаласы)  
100 % <\*>
49. "Қазақжарылысөнеркәсібі" ААҚ (Алматы қаласы) 100 % <\*>
50. "Ұлттық тіркеу орталығы" ААҚ (Астана қаласы) 100 % <\*>
51. "Қазагрэкс" ААҚ (Астана қаласы) 100 % <\*>
52. "Көлік медициналық қызметі" ААҚ (Алматы қаласы) 34% <\*>
53. "Азаматтық авиация академиясы" АҚ (Алматы қаласы) 80 %
54. "Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" АҚ (Астана қаласы) 50%
- 55 "ҚазҚуат" АҚ" (Алматы қаласы) 100 %
- 56 "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" АҚ (Алматы қаласы) 100 %
57. Ақпараттық-есептеу орталығы" АҚ (Астана қаласы) 100%